

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Маңғыстауды мекендейтін жәндіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
21.06.2019СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/58308/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Таджикулова Гулайым Нурдаулетовна

**Мақсаты:** Жәндіктер, оларға тән сипаттық үлгідегі, мінез-құлықтары, тіршілік ету ортасы туралы түсінігін кеңейту. Қоршаған ортаның сұлулығы мен жәндіктер әлеміне деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімділік, құштарлық сезімдерін ояту.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгіме, түсіндіру, ойын, көрсету, жұмбақ.

**Сөздік жұмыс:** Илеу, омарта.

**Көрнекі құралдар:** Жәндіктер суреттері, араның үйі омарта, құмырсқа илеуі т.б

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<b>Шаттық шеңбері:</b> Алақай-ау, алақай! Жарқыраған жаз келді, Өлкемізге нәр берді. Айналамыз жап-жасыл, Жазбен бірге ән келді.	Шаттық шеңберіне тұрады.

<p><b>Іздену – ұйымдастырушы</b></p>	<p>Жұмбақтар: Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр - түсі сары - ала Бұл не?</p> <p>Қылдай белі бүгілген Өзіненде жүгі үлкен. Ол не? Әңгіме: Балалар, біздің Маңғыстау өлкемізде көптеген жәндіктер тіршілік етеді. Оларға - құмырсқа, көбелек, ара, жатады. Олардың аяқтары, басы, мұртшалары, денесі және іші бар. Олардың аяқтарының саны 2, 4, 6 болады. Олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Олардың үйі бар, олар қоректенеді, демалады, балалары бар, оларға қамқор болып, аялау керек. Жәндіктерден көп нәрсе үйренуге болады, олар бір-біріне көмектеседі, ұрыспайды - төбелеспейді, әрқайсысы өз міндетін атқарады және олар өте еңбекқор. Құмырсқа - өте еңбекқор жәндік, үйі илеу, топтасып өмір сүреді. Көбелек әдемі жәндік, біз оған сүйсіне қараймыз. Көбелек гүлдердің шырынымен қоректенеді. Ара - жәндік, оның үйін омарта дейміз. Аралар еңбекқор және пайдалы жәндік. Балалар өлкеміздің жәндіктерін қорғап, құрметпен қарауымыз керек.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Аралармыз ұшамыз, Гүлден балды жинаймыз. Қорбандаған аю келсе, Балымызды қорғаймыз.</p> <p><b>Өлеңдер жаттату.</b> Көбелек Мен - көбелек, көбелек, Қанатым менің дөңгелек. Жайнап тұрған ауладағы, Гүлдерімді көре кет. Ара Мен - арамын, арамын, Гүлдерден балды жинаймын. Қорбандаған аюдан, Балымды қорғаймын. «Қиынды суреттер» <b>ойыны</b></p> <p><b>Шарты:</b> Араның, көбелектің, құмырсқаның суреттері 2, 3, 4 бөлікке қиылған. Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.</p>	<p>(Ара)</p> <p>(Құмырсқа)</p> <p>Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы орындайды.</p> <p>Қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.</p>
<p><b>Рефлексті – коррекциялаушы</b></p>	<p>Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** Жұмбақты шеше білуі керек.

**Болуы керек:** Қиындылардан жәндіктерді құрастыруды игереді.

**Қолынан келуі керек:** Жәндіктер туралы білді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.